

Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын иелену мерзімі

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 235-бабының 3-тармағына сәйкес, осы Кодексте көзделген реттер мен тәртіп бойынша тұлға меншік иесі жоқ мүлікке, меншік иесі белгісіз мүлікке, не меншік иесі бас тартқан немесе өзге негіздер бойынша ол меншік құқығын жоғалтқан мүлікке меншік құқығын алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін реформалауына байланысты, қолданыстағы заңнамалар актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін атап кеткен жөн. Әсіре азаматтық-құқықтық тұрғыда. Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 240-бабына өзгерістер енгізілген, осыған байланысты соңғы жылдары жеке және заңды тұлғалармен сот арқылы өздерімен иеленіп отырған үй-жайлар мен басқа да мүлікке меншік құқықтарын тану қарқынды өсіп жатыр.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 240-бабы негізінде, мүліктің меншік иесі болып табылмайтын, бірақ өзінің жеке қозғалмайтын мүлкіндей жеті жыл бойы, не өзге мүлікті кем дегенде бес жыл адал, ашық және ұдайы иеленген азамат немесе заңды тұлға ол мүлікке меншік құқығын (иелену мерзімін) алады. Мемлекеттік тіркеуге жататын қозғалмайтын және өзге де мүлікке меншік құқығы бұл мүлікті иелену мерзіміне сәйкес алған тұлғада осындай тіркеу кезінен бастап пайда болады. Мүлікке меншік құқығын алғанға дейін оларды өз мүлкіндей иеленуші азамат немесе заңды тұлға өз иелігін мүліктің меншік иелері болып табылмайтын, сондай-ақ заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге де негіздерге сәйкес оларды иеленуге құқығы жоқ үшінші жақтардан қорғауға құқылы. Иелену мерзіміне жүгінетін азамат немесе заңды тұлғаның өздері құқықты мирасқорлары болып табылатын тұлғаның осы затқа иелік еткен уақытының бәрін өз иелігіне қосып алуына болады. Иелену мерзімінің өтуі затты иеленген кезден басталады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Меншік иесімен тасталған тұрғын үйге құқық жөніндегі дауларды соттардың қарау практикасы туралы» 2006 жылғы 20 сәуірдегі №3 нормативтік қаулысының 10-тармағына сай, иеленудің адалдығын тұлғаның тұрғын үйді заңды жолмен иеленуі, яғни заңмен, өзге құқықтық актілермен тікелей танылған немесе оларға қайшы келмейтін, бірақ құқықтық ресімделмеген (мысалы, тұрғын үй иесінің сатып алу-сату, жалға беру шарттарының заңда көзделген нысандарын сақтамай беруі және тағыда басқа) әрекеттер мен оқиғалардың нәтижесінде тұрғын үйдің осы иеленушіде болуы білдіріледі.

Осы нормативтік қаулының 12-тармағына сәйкес, иелену мерзімінің ескіруі негізінде меншік иесі болдым деп есептейтін тұлға өзінің меншік құқығын тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл іс соттың талап қоюы бойынша іс жүргізу тәртібімен қарауға жатады. Соттың арызды қанағаттандыру туралы шешім сол тұрғын үйге меншік құқығын тіркеу үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 19 сәуірдегі № 94 Заңы талаптарына сәйкес, тұрғын үйге құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды сот шешеді. Азаматтарды және заңды тұлғаларды олардың тұратын тұрғын үй-жайларынан тек осы Заңда белгіленген негіздемелер бойынша, сот тәртібімен ғана шығаруға болады.

Тұрғын үйге меншік құқығы ол тіркеу органында тіркелген кезден бастап пайда болатынын ескеру қажет.

Жоғары көрсетілген нормалар негізінде, қандайда бір тұлға, мүліктің меншік иесі болып табылмай, бірақ өзінің жеке қозғалмайтын мүлкіндей 7 (жеті) жылдан астам уақыт ішінде, адал, ашық және ұдайы иеленген жағдайда ғана, осы мүлікке меншік құқығын иелену мерзімі бойынша алуы мүмкін.

Нұрбол МҰҚАНОВ,
Қостанай облысы
Денисов аудандық сотының судьясы

Мәнді де мағыналы дөңгелек үстел

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының түйінді бағыттарын іске асыру мақсатында 2017 жылғы 11 мамырда Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де «Полиция қызметі мінез-құлқының негізгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел басындағы әңгіменің нәтижесінде жеке құрам арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының негізгі шаралары әзірленді.

Дөңгелек үстел отырысына «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы жөніндегі қоғам мүшесі Дудин Александр Анатольевич, Қостанай станциясындағы ІІЖБ бастығының бірінші орынбасары полиция майоры Тапаев Талғат Жоламанұлы, Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Мамбетов Жақсылық Өлеңұлы, ІІЖБ қызмет бастықтары қатысты.

Александр Анатольевич өз баяндамасында Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» «100 нақты қадам» Ұлт жоспары Жолдауының негізгі ережелеріне назар аударып, жалпы құқық қорғау органдарында және ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлықтың қауіп-жағдайы екені, жемқорлықтың салдарынан азаматтардың мүдделерін қорғауға негізделген субъектілер



жойылатынын атап өтті. Қостанай облысында сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша қабылданып жатқан тәжірибелік шаралар қаралды. Александр Анатольевич заңдылық принципін, Конституция талаптарын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізгі ережелерінің қатаң сақталуын баса атап кетті.

Жыл сайынғы мемлекеттік органдардың

тиімділігін бағалау жүйесі шеңберінде құқық қорғау органдарын бағалау мәселелері талқыланды.

Жақсылық Өлеңұлы өз баяндамасында қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықтың әрбір түрлеріне тейбеушілік ахуалына жетуіне бағытталған мемлекеттің сыбайлас жемқорлық саясатының негізгі бағыттарын түсіндірді.

Қостанай ст. ІІЖБ
Мемлекеттік тіл
және ақпарат тобы

Байқау қызықты да тартымды өтті

Биылғы жылдың мамыр айының алғашқы күндерінің бірінде Қарабалық аудандық ішкі істер бөлімінде «Қарабалық ауданы әкімдігінің Тілдерді оқыту орталығы КММ» бірлесіп іс-шара – байқау өткізілді.

Бұл байқаудың мақсаты оған қатысушылардың отансүйіштік, елжандылық қабілеттерін оятып, ер-азаматтардың Отан алдындағы парызын түсінуге жетелеу. Байқау 4 тапсырмадан тұрды:

1.Таныстыру кезеңі (қатысушылар 3-5 минут көлемінде өздері жайлы таныстыруы

шарт. Слайд, қара сөз, өлең жолдары т.б. түрде болады)

2. «Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар» білім сайысы (Мемлекеттік рәміздер, Ата заң, Тіл туралы заң,)

3. «Жігітке жеті өнер де аз» өнер сайысы (өз өнерін көрсету: ән айту, күй тарту, аспаптарда ойнау, өлең жолдарын оқу т.б.)

4. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» спорттық сайысы (гір тасын 1 минут ішінде барынша көп көтеру, ұлттық ойын).

Байқау соншалықты тартымды да қызықты өтті. Нәтижесінде бірінші орынды уақытша ұстау оқшаулағышының полиция-айдауылы полиция кіші сержанты Амержан

Мерекеұлы Топалов иенді. Екінші орынды кезекші бөлімнің көмекші кезекшісі полиция старшинасы Канат Кенжигалиевич Альмуханбетов жеңіп алды. Үшінші орынға ЛжҚАБТ аға инспекторы полиция капитаны Александр Сергеевич Возмитель шықты. Сонымен қатар басқа да қызметкерлер қатысқандары үшін алғыс хаттарымен марапатталды.

Сайысты қорытындылай келе ұйымдастырушылар мен қатысушылар дән риза болды деп айта аламыз.

Қарабалық аудандық
ішкі істер бөлімі

Әскерилер қайырымдылық акциясын өткізді

Алматы қаласының жергілікті әскери басқару органдарының ұйымдастыруымен өткен демалыс күндері Алматыда Халықаралық отбасы күніне орай қайырымдылық акция жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңке Қорғаныс министрлігінің әйелдер кеңесінің бастамасымен ұйымдастырылды.

Әйелдер кеңесі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелеріндегі әскери қызметтердегі әйелдер бастамасы бойынша құрылған. Қазіргі кезде Әйелдер кеңесі Қазақстан Қарулы Күштерінде әскери қызметін өткеріп жатқан офицерлер мен сержанттардың әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы жағдайын қадағалайды, яғни, әскери қызметшілердің әйелдерін жұмысқа орналастыру, балаларды мектепке және балабақшаға беру, әскери борышты өтеу



кезінде қаза тапқан отбасыларға және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына, көпбалалы отбасыларға, балалары науқас отбасыларға көмектесу жұмыстарымен айналысады. Қарулы Күштердегі әйелдер кеңесінің өкілдері бұған дейін әскери қызметшілер мен

олардың отбасылары тұрып жатқан әскери қалашықтар мен жатақханаларды аралап, әскери отбасыларына қатысты ең өзекті деген мәселелерді талқылау үшін бірқатар кездесулер өткізді. Бұдан басқа да көптеген іш-шараларды ұйымдастырып отырады.

Жәрмеңкеге Алматы қаласының жергілікті әскери басқару органдарының әскери қызметшілері мен қызметкерлері қолдан пісірілген дәмді тоқаштар мен аспаздық өнімдер қойылды.

- Жәрмеңкеде сатылған тағамдардан түскен қаражат қайырымдылық қорына аударылады, – деп мәлімдеді Әйелдер кеңесінің төрайымы Софья Хамитқызы Қуатова. Ол жәрмеңкеге қатысушыларды отбасы күнімен құттықтап, осындай шаралар алдағы уақытта жалғасын табатынын тілге тиек етті.

Жәрмеңке барысында балаларға анимациялық ойындар көрсетілді, соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Әскери құрылымдар тарапынан мұндай шара бірінші рет өткізіліп отыр. «Қайырымдылық іс тек жүректілікті қажет етеді», – дейді Әйелдер кеңесінің төрайымы Софья Қуатова.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Кафедрада әскери эстафета өткізілді

Бүгінгі күнде курсанттарға білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі - мейірімді, жауапты, адамгершілігі мол, патриоттықты адал түсінетін нағыз болашақ офицерді тәрбиелеу.

Жақында ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев ат. Қостанай академиясының Әскери және тактикалық-арнайы даярлық кафедрасы 1, 2 және 3-курс курсанттарының командалары арасында әскери эстафета өткізілді.

Эстафетаның мақсаты: әскери пәндері бойынша алған тәжірибелік білім мен дағдыларын қолдану және курсанттардың арасында ең жақсы курсты анықтау. Нақтырақ айтқанда, «Лабиринт» кедергісінен өту, газқағарды кию, дене дайындығынан



күш жаттығуларын, атыс дайындығынан «АК – 74 бұзып жинау» нормативтерін, дәлдеп граната лақтыру және жараланған адамды алып өту тапсырмаларын орындау кезінде ең аз уақыт жұмсаған команда анықталады.

Осы эстафетаға қатысқан

курсанттар өз күші мен білімін көрсетіп, оқып жүрген пәндердің маңыздылығын түсіне білді, тапқырлықты, жүгіру жылдамдығын және ең маныздысы – команда мен топта жұмыс істеу ережелерін білдіреді.

Курсанттар эстафета

уақытында топта жұмыс істеген мақсатын түсініп міндетті түрде бағалауы керек. Олар өзінің және ұжымдық жауапкершілігін бөліп, команданы жеңіске әкелуі тиіс. Бұл жерде жеке дайындығы есептеліп көрсетіп-күнделікті өмірге әрқашан дайын болу керек.

Команданы жеңіске жеткізу үшін қызықтырып, рухын сақтап, өз дағдыларына және дайындығына жауапкершілігін жетілдіру қажет.

Әскери спорттық турнирде жақсы нәтижелер көрсеткен әр команда өздеріне лайықты орындарды иеленді

Қанатбек ЖҰМАТОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев ат.
Қостанай академиясы
ӘЖТАД кафедрасының
оқытушысы полиция
майоры

Ұсақ құқық бұзушылықтарға - «Мүлдем төзбеушілік»



Қазақстан посткеңестік кеңістікте ең бірінші болып Президент Н.А. Назарбаевтың бастамасымен бұзақылық түріндегі ұсақ бұзушылықтарға, қоршаған ортаны ластау және тағы басқаларына «мүлдем төзбеушілік» саясатын жариялады.

Осы стратегияның түпкі мақсаты – қоғамда әлеуметке қайшы көріністермен белсенді күрес жүргізу арқылы жалпы қылмыс деңгейін төмендету.

Қоғамда «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыруды іске асыру мақсатында Құсмұрын станциясындағы ЖПБ-де 2017 жылғы 10 мамырда Құсмұрын ауылының №121 орта мектебінің мәжіліс залында оқушылар мен оқытушыларға, сондай-ақ, олардың ата-аналарына Қазақстан қоғамында «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бірінші болып Құсмұрын станциясындағы ЖПБ бастығы полиция капитаны Елукенов Ерлан Аманболғанұлы сөз бастап, барлық мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың назарын қоғамда құқық бұзушылық пен тәртіпсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру қажеттілігі туралы және әрбір бұзушылыққа төзбеуін атап өтті.

Сондай-ақ, № 121 орта мектебінің әлеуметтік оқытушысы Березан Ольга Геннадьевна өз баяндамасында: «Әрбір адам, қандай да бір құқық бұзушылықты көріп, селқос қалмай, ол жайында арнайы қызметтерге хабарлауы керек. Бұл мүлдем төзбеушілік көрінісі болады», - деп айрықша атап айтты.

Дөңгелек үстел барысында қоғамда қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды ескерту және кейін осындай іс-әрекеттерді БАҚ-та жариялау бойынша көкейкесті мәселелер көтерілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – жауапкершілікті жоғарылату, құқық бұзушылықтар мен қылмыстың алдын алуға кездесетін проблемаларға назар аудару болды.

Қостанай ст. ІІЖБ

Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Астана полицейлері планшет арқылы айыппұл сала бастады

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің төрағасы Бағдат Мусин өзінің Фейсбуктегі парақшасында жаңа форматта жұмыс істеп жүрген елордалық полицейлер туралы бейнероликті жариялады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.



тексерілуде», - деп жазды Б. Мусин.

Планшет көмегімен полицейлер айыппұл жазумен қатар, ЖСН арқылы жүргізуші туралы барлық қажетті мәліметтерді, яғни көлік пен құқық бұзушылықтар туралы және басқа да деректерді жылдам анықтай алады.

Бағдат Мусиннің сөзіне қарағанда, полиция қызметкерлері жаңа жүйені тестілеу барысында кейбір түзетулерді енгізу жайында өтінім білдірді. Мәселен, егер де жол ережесін бұзушы электронды хаттамаға қол қоюдан бас тартса, онда фактіні нақтылау үшін куәгерлерге арналған арнайы жолақты енгізу қажет.

«Жалпы, жүйе жақсы жұмыс істеп тұр. Болашақта планшетті пайдалана отырып, техникалық байқаудың және сақтандыру полюсінің бар немесе жоқтығы тексеріледі. Осы арқылы, жүргізуші тексеруге тек жүргізуші куәлігін және жеке куәлікті (қажет болған жағдайда) ғана ұсынады, ал қалған мәліметтерді полицейлер планшеттен көре алады», - деді ол.

ҚазАқпарат

СОТ ЗАЛЫНАН

Балабақшаға айыппұл салынды

Қостанай облысының Денисов аудандық соты аудандағы балалар бақшаларының біріне қатысты әкімшілік істі қарады.

Мектепке дейінгі мекеме 2016 жылы да ҚР ӘҚБтК 409-бабы 4-бөлігі 1-тармағы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл төлеуге мәжбүрленген. Алайда, болған жайттан нәтиже шығармаған мекеме нормативтік құқықтық актілер талаптарын ерескел бұзып, өз жұмысын жалғастырған. Бұған дейінгі тексерісте анықталған кемшіліктерді жоюға шара қолданбаған.

Кезекті тексеріс барысында да бірқатар заң бұзушылықтар анықталған. Сот отырыс барысында белгілі болғандай, мекеме жарғысы жалпы білім беру бағдарламаларына сай емес, ағымдағы білім беру сапасын бақылау жүйесі белгіленбеген. Екі жастан бастап балаларды қабылдайтын мекеменің дұрыс аталуы құжаттарда дұрыс көрсетілмеген.

Ал білім беру ісімен айналысатын педагогтар құрамында тиісті білімі жоқ, кездейсоқ адамдар да кездеседі. Бұған қоса, балабақшаның балаларды тамақтандыруы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай

болмай шыққан. Нақтысы, ағымдағы жылдың наурыз айындағы ыстық тамақ сараптамасы қыс-көктем мезгіліндегі ас мәзіріне көкөністен жасалған салаттар, ірімшіктен жасалған өнімдер мен жемістер болмағанын көрсеткен. Ал ыстық тамақ сараптамасы әр балабақша тәрбиеленушісіне сүт, жұмыртқа, ет, балық, қаймақ, ірімшік, шырын мен картоп тиісті көлемнен аз мөлшерде берілетінін анықталған.

Істі қарау нәтижесі бойынша сот балабақшаны ҚР ӘҚБтК 409-бабы 4-бөлігі 1-тармағы бойынша айыпты деп танып, 40 АЕК, яғни, 90 760 теңге көлемінде айыппұл төлеу түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартты.

Шағымы ішінара қанағаттандырылды

Қостанайда сот заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылған азамат пайдасына моральдық және материалдық залал өндірді.

Қостанайдың тұрғыны заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны үшін Қостанай облысының ІІД-нен материалдық зиянды және моральдық шығынды өндіру туралы шағымымен сотқа жүгінген.

2015 жылдың көктемінде түнгі көңіл көтеру орындарының бірінен

шыққан жас жігіттер көлікке отырған. Германия азаматы болып шыққан көлік жүргізушісінің құнды заттарын иеленіп алған жігіттер өздеріне қажетті бағыттағы жолды көрсетеді. Ал шағым иесі іс бойынша күдіктілердің бірі ретінде танылып, оған қатысты ҚР ҚК 191-бабы 2-бөлігі; 125-бабы 2-бөлігі және 200-бабы 2-бөлігі (тонау, адамды ұрлау, автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу) бойынша қылмыстық іс қозғалған.

2015 жылдың 29 наурызында ҚР ҚПК 128-бабы бойынша ұсталып, Рудный қаласындағы уақытша оқшаулау изоляторына үш тәулікке қамалған. 2016 жылдың тамызында Қостанай қалалық прокуратурасының қаулысына сәйкес, оның әрекетінде қылмыстық іс нышаны болмауына орай тергеу тоқтатылған.

Үш тәулікке заңсыз қамауға алыну, кепілдік түріндегі бұлтартпау шарасының қолданылуы, жылдан астам уақыт бойы қылмыстық тергеу жүргізілу фактілері азамат Ш-ға моральдық залал келтірген.

Сот істің мән-жайын зерделеп, шағымды ішінара қанағаттандырды. Шағымданушыға облыстың Ішкі істер департаментінен 100 мың теңге көлемінде моральдық залал мен 100 мың теңге материалдық шығын өндірілді.

Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru